

Ресейдің оңтүстігінде мұнай, газдың көзі Каспий, Қара және Азов теңіздерінің шельфі болып табылады. Барланған немесе мұнайдың болжамды құрылымы Каспий теңізінің Ресей шельфінде орналасқан, көбіне 2-30м Солтүстік Каспийде және 10-60 м тереңдікте Батыс Каспийде. 1995ж мұнда 81,6 мың тонна мұнай өндірілген. Бірінші кезекте нысандарға Инчхе-теңіз мұнай конденсатты кен орындарын және Солтүстік-Батыс Каспийде мұнай қаныққан локальді ауданды жатқызуға болады. 2010ж аяғына таман бұл кен орындарда мұнай өндіру көлемі бірнеше миллион тонна жылына болуы мүмкін. Каспий шельфіндегі кен орындары барлау және пайдаланылған техникалық құралдар қажет.

70-жылдың соңы мен 80-жылдың басында сынамалы пайдалануға Қара теңізінің газаконденсатты кен орны дайындалған. Қазіргі кезде Қара теңіз бен Азов теңізінде іздеу-барлау жұмыстары жүргізілуде.

Одан басқа Балтық теңізінің кен орындарында игеру жұмыстары жүргізілуде. Болжанған қор 50-60 млн т құрайды, одан алынатыны 16 млн т. 1995 ж бұл жерде 745,2 мың т мұнай өндірілген. Балтық теңізінің шельфін қарқынды игеру, үлкен мұнай қоры бар Кранцов кен орнын игеруді енгізумен байланысты.

1.5 Әлем мұхиты әртүрлі ауданының көмірсутекті теңіз кен орындарын игеру

1.5.1 Азия-Тынық мұхиты аймағы

АСЕАН мемлекеттері

АСЕАН құрамына 10 мемлекет кіреді. Олар 2-топқа бөлінген: «бұрынғы» ассоциация мүшесі (Бруней, Индонезия, Малайзия, Филиппин, Сингапур, Тайланд) және кейін қабылданған (Камбоджа, Лаос, Мьянма, Вьетнам) мемлекеттері кіреді. Олардың бір бөлігінде айтарлықтай минералды отын қоры бар (негізінен газ) (Индонезия, Малайзия) және оларды қарқынды игеру жүргізуде, басқалары (Сингапур, Камбоджа) өз қорлары болмағандықтан түгелімен импортқа тәуелді. Қалған мемлекеттер өз қорларын өз қажеттіліктеріне жұмсауда. (1.6-кесте). Индонезия, Малайзия және Бруней 5 аса ірі сұйытылған табиғи газ экспорттаушылар санатына кіреді. Бруней газды экспорттауды 1973 жылдан, Индонезия 1977 жылдан бастады. (1.7-кесте).

1.6-кесте. АСЕАН мемлекеттер қатарындағы мұнай-газ қоры (1-қаңтар 2002 ж)

Мемлекеттер	Мұнай млрд.баррель	Газ трлн. куб.фут
Бруней	1,4	13,8
Индонезия	5,0	92,5
Малайзия	3,0	75,0